

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 4 ақпандағы N 148 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 13 тамыздағы N 1254

"Ақмола облысы ішкі істер басқармасының N 84 еңбекпен-түзеу колониясын тергеу изоляторы етіп қайта жаңарту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 13 маусымдағы N 968 қаулысын P970968_ орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасының 1997 жылға арналған инвестициялық бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 4 ақпандағы N 148 P970148_ қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

аталған қаулыға 3-қосымшаға:

"Халыққа білім беру" деген бөлімдегі "Қ.А.Иассауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан қаласы, ғимараттар кешені, II кезегі" деген жолдағы "80" деген сан "50" деген санмен ауыстырылсын;

"Денсаулық сақтау" деген бөлімдегі "Аурухана, Қазығұрт селосы" деген жолдардағы "60" деген сан "48" деген санмен ауыстырылсын;

"38. Тергеу изоляторы,
күзеттің инженерлік-
техникалық ғимараты,
Ақтау қаласы 1997 58"

деген жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"38. Ақмола облысы
Державин ауданының
Степной поселкесіне
көшірілген бұрынғы
әскери бөлімді Ақмола
облысы ішкі істер
басқармасының қатаң
режимдегі еңбекпен
түзеу колониясы етіп
қайта жаңарту 1998 100"

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК